



ҚАРАША ҚЫСТЫҢ БАСЫ МА?

АБАЙҒА СҮЙЕНСЕК, «ҚАРАША, ЖЕЛТОҚСАН МЕН СОЛ БІР-ЕКІ АЙ, ҚЫСТЫҢ БАСЫ БІРІ ЕРТЕ, БІРЕУІ ЖӨЙ». АЛ, БІЗДІҢ ӨҢІРДЕ ҚАРАША ТҮГІЛІ ЖЕЛТОҚСАНДЫ ДА ҚЫСҚА ҚИМАЙДЫ. ҚАРАША – КҮЗДІҢ СОҢҒЫ АЙЫ. ЖЕРДІҢ ОТЫ КЕТІП, БЕТ-БЕДЕРІ ҚОҢЫРҚАЙ ТАРТА БАСТАЙДЫ. АСПАНДЫ ЗІЛМАУЫР ҚАРА БҰЛТТАР ҚАПТАП, ДАМЫЛСЫЗ ЖАҢБЫР ЖАУАТЫН, ЖАҢБЫР АРТЫ ҚАРАШАНЫҢ ҚАРЫНА ҰЛАСАТЫН МЕЗГІЛ. ЖЫЛ ҚҰСТАРЫ ТУҒАН МЕКЕНІНЕН ЖЫЛЫ ЖАҚҚА БЕТ ТҮЗЕП, МӨЗ ДӘУРЕНІМЕН ҚИМАЙ ҚОШТАСАТЫН ҚИҚУЛЫ УАҚ.



Осындай өліара кезеңде шаруалар етек-жеңін жинап, «кәрі құданы» қарсы алуға қам жасайды. Ал, Сіз ше? Ауыл – қазақтың жаны. Ал, ауылдың сәні қашаннан мал емес пе?! Төрт түлік мал ұстап, табиғатпен біте қайнасып кеткен, ауыл тұрғыны алдымен Құдайға, сосын малына сеніп тірлік қылады. Қалай болғанда да, ауыл тіршілігін малсыз елестету мүмкін емес. Таңалакеуімнен тұрып, төрт түлік малын өріске айдайтын ауыл тұрғындары үшін бұл

тек тіршілік көзі ғана емес, сонымен бірге ауылдың сәні де. Мал – береке. Мал – ауылдың үміті. Ал, оның азығы дайын ба? Жазғы шілдеде қыстың шілдесінің қалай өтетінін дәл болжаған аталарымыздың дәстүрін синоптиктерге «сеніп тапсырдық». Бірақ, соңғы жылдары олардың болжамдары сан соқтырып кетіп тұр. Сондықтан, «қыстың қамын жазда ойлау» керек! Ауылды тағдырына балаған, кіндігі далаға байланған адам тек қана өзіне, өзінің дайындығына

сенеңді. Себебі, соңғы жылдарғы наурыз айында соққан боранда қол созым жердегі «қордағы» шөпке жете алмай «қор» болғанымыз бар... Ресми дерекке сүйенсек, аудандағы қысқа түсетін малды алып шығу үшін 131 800 тонна шөп дайындалу керек! Қазіргі таңда жоспар түгел орындалып, қажетті мал азығы қыстақтарға тасылып, аулаларға толық түсірілді. «Үйдегі сауданы базардағы нарық бұзады» демекші, кейбіреудің шықпай қалған есебі қыстың ортасына

да ақ қағазға тізілген ақпараттың да ақиқатына күмән туғызады. Көзді ашып-жұмғанша қарашаға да кіріп кеттік. Әне-міне дегенше қылышын сүйретіп қыс та жетеді. Қарашаның ауа-райы әлі сан құбылады. Сондықтан, «ашық күннің бөрі» тиімді пайдаланып, тіршілігіңнің тірегі малыңды қыстан аман алып шығып, төл алу үшін қысқа дайындығыңды тағы бір пысықтап шыққаның артығы жоқ...

**Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.**

АҚТӨБЕДЕ «АЛАЯҚТЫҚСЫЗ АЙМАҚ» ЖОБАСЫ ІСКЕ АСЫРЫЛУДА

ОБЛЫС ПРОКУРАТУРАСЫМЕН АЛАЯҚТЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА КЕҢ АУҚЫМДЫ ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ. АЛҒАШ РЕТ ТӘЖІРИБЕ ЖҮЗІНДЕ АЛАЯҚТЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНЫП, «ТӨРТІП-БЕКЕТ» РОБОТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ.

25 мыңнан астам брошюра таратылып, әлеуметтік желілерде 1000-нан астам жарияланым орналастырылды, халықпен 1500 кездесу ұйымдастырылып, 127 ақпараттық билборд орнатылды. Байланыс операторларымен жасалған меморандум аясында алаяқтық түрлері мен олардың әдістері туралы 260 мыңнан астам SMS-хабарлама жіберілді. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жанынан құрылған «Anti-Fraud» орталығының жұмысы аясында алаяқтардың нұсқауымен жасалған 58 млн. теңгеден астам сомаға қаржылық транзакциялар бұғатталып, оның 35 млн. теңгеден астамы жәбірленушілерге қайтарылды. Екінші деңгейлі банктерде алаяқтардың құрбаны болған 175 азаматтың 175 млн. теңге көлеміндегі нesiесін өндіру уақытша тоқтатылды. 3,8 мыңнан астам интернет-сайт пен алаяқтық схемаларын таратқан жарияланымдар бұғатталды.

«Дропперлерден» (банктік шоттарын және мобильді қо-

сымшаларға қолжетімділікті алаяқтарға берген тұлғалар) азаматтық тәртіпте 271 млн теңгенің 20 млн. теңгесі өндірілді, қалған сома бойынша 162 талап-арыз сот қарауында. «Дропперлік» әрекеттің 2 фактісі анықталды, бір іс бойынша 1 адам сотталып, екінші іс сотта қаралуда (екеуі де ҚР ҚК-нің 190-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылған). Мысалы, полиция органдары алаяқтардың нұсқауымен жәбірленушілерден түскен ақшалай қаражатты оларға жеткізіп отырған 26 жастағы Қазақстан азаматын ұстады. Екінші деңгейлі банктермен қол жеткізілген келісім аясында, алаяқтардың талабымен несие рәсімдеуге тырысқан жәбірленушінің 7 млн. теңге көлеміндегі заем алу әрекетінің жолы кесілді.

Прокуратура органдары азаматтардың құқықтарын қорғау, олардың қаржылық сауаттылығын арттыру және алаяқтық схемаларының жолын кесу бойынша барлық қажетті шараларды қабылдауда.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК НЕГІЗІ



Өткен аптада Шығанақ Берсиев атындағы орта мектепте Ойыл аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен “Заң мен тәртіп тақырыбында аудандық семинар-практикум өтті. Семинарға Ойыл ауданына қарасты білім беру ұйымдарының директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтар, мектеп педагогтері мен ата-аналар қатысты. Қатысушылар 4 бағыт бойынша жұмыс жүргізді. Іс-шара барысында педагог-психологтар өз тәжірибелерімен бөлісіп, Ақтөбе қаласынан келген тәжірибелі мамандар өзекті тақырыптарда шеберлік сабақтарын өткізді.

Сонымен қатар, Ойыл аудандық емханасының акушері Анаргүл Наурызбаева «Ерте жүктілікті анықтау»,

СӨСҚ Майлыбаева Айгүл Алпысбайқызы «Тұрмыстық зорлық-зомбылықты ерте анықтау, профилактика мәселелері» және аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің КТІЖ инспекторы Танат Құбышев «Көше тәртібі - бала қауіпсіздігінің негізі» тақырыптарында баяндама жасаса, Ш.Берсиев атындағы орта мектебі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Айгүл Әжмұханбетова «Отбасындағы тәртіп-баланың құқықтық және психологиялық қауіпсіздігінің кепілі» тақырыбында ақпараттық-ағартушылық жұмыстар жүргізді. Семинар-практикум заң мен тәртіпті сақтау арқылы оқушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді алаңы болды.

КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСТЫҢ ЖЕМІСІ



Ел Президенті халыққа жолдауында азаматтардың барлық сындарлы өтініш тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру талабын қойды.

Өткен аптада “Кәсіпкер мен биліктің арасындағы алтын көпір” болып келе жатқан аудандық Кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен аудан әкімі Асқар Қазыбаев пен аудан прокуроры Ақеділ Үсенов кәсіпкерлерді жеке қабылдау өткізді.

Барлық кәсіпкерлерді негізінен ауданның инфрақұрылымы мазалайды. Яғни, сапасын көтермейтін көлік жолы мен жөндеу жүргізіліп жатқан

аймақтардағы мердігерлердің мардымсыз ісі де сауалдың арқауы. Сонымен қатар, кәсіпкерлер мемлекеттік қолдау мәселесіне көбірек үміт артып отыр. Мәселен, «Еңсеген» АШӨК төрағасы Абат Еңсегенов суармалы егіске жер сұрап, оған «Бизнесстің жол картасы» бағдарламасымен электр желісін тартуға көмек сұрады. Қаратал ауылының тұрғыны, жеке кәсіпкер Назгүл Ешпанова былтырғы су тасқынынан зардап шеккен кәсіпкерлік нысанының өтемақысын ала алмай жүргенін айтып, жүгінді.

Барлық мәселелер бойынша тиісті түсіндірулер беріліп, жекелеген өтініштер бақылауға алынды.

СӨЗБЕН ІС ҮНДЕСКЕН САБАҚ

ӨМІРДЕ ТАҢДАУ МҮМКІНДІГІ ТУҒАНДА МЕЙЛІНШЕ МҮЛТ КЕТПЕУГЕ МӨН БЕРЕТІН МАҢЫЗДЫ НӨРСЕНІҢ БІРІ – МАМАНДЫҚ. ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, БҰЛ ТАҢДАУҒА КЕЛГЕНДЕ ШАЛЫС БАСЫП, БАСҚА ШАРУАНЫҢ ҚҰЛАГЫНАН ҰСТАҒАН НЕМЕСЕ МҮЛДЕМ ШАРАСЫЗ ЖҮРГЕН АЗАМАТ КӨП.

Еңбек нарығындағы бұл олқылықтың орнын толтыру үшін, жалпы адам капиталын тиімді дамыту үшін қазіргі кезде сапалы кәсіптік бағдарлауға барынша көңіл бөліне бастады. Мемлекет басшысының жолдауында айтылған мәселелерге орай, кейінгі кезде қоғамда кәсіптік бағдар беру туралы түсінік кеңінен өріс алып, жұртшылықтың ерте жастан мамандық таңдауға мән беруі де қуантады. Осы орайда «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлік палатасы Ойыл аудандық филиалы биылғы жылы балаларға кәсіптік бағдар беретін бірнеше шараға ұйытқы болды. Яғни, Ойыл селосындағы Ж. Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің жоғары класс оқушылары Ойыл кәсіптік колледжінің «Тамаштандыруды ұйымдастыру» мамандығының өндірістік оқыту шебері Қанат Кенжеғалиевпен кездесті.

Мектептің кәсіби бағдар беруші педагогы Гүлзат Сұлпаташева «Аспаздық өнер мен кәсіп» деген күзгі камикул кезіндегі кездесудің мән-маңызын түсіндірді. Әсіресе, қыз балалар тарапынан жоғары қызығушылық болды. Оған қонаққа қойылған толассыз сұрақтар куә. Бүгінгі уақыт талабын дөп басқан білікті маман кездесудің соңында сөзбен істі үндестіріп, шеберлік сабағын өткізді. Хакім Абайдың сөзіне сүйеніп айтсақ, дүниенің кетігін тауып бір кірпі-ші болып қаланып, қоғамның қажетіне жарау үшін жаның қалайтын мамандықты жаңылмай таңдаудың және өз ісінің нағыз шебері болудың маңызы зор. Сондықтан болашақ білікті маман қалыптастыру үшін баланың қабілетін жасынан тану керек. Бағыты түзу баладан келешекте маман ғана емес, майталмандар шығады.



КЕЛЕР ЖЫЛДАН БАСТАП ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

Келер жылдан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарнасы артады. Сондай-ақ бүгінде тегін көрсетіліп жүрген бірқатар медициналық қызмет МӘМС жүйесіне өтеді. Әлеуметтік осал топтар үшін жарна енді жергілікті бюджет есебінен төленбек. Президент қол қойған жаңа заңда тағы қандай өзгерістер бар?

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА ТӨРТІП



2025 жылғы 14 шілдеде Мемлекет басшысы «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» заңға түзетулерге қол қойды. Жаңа нормалар 2026 жылдан бастап кезек-кезеңімен енгізіледі. Бұл өзгерістер ең алдымен әлеуметтік әлжуаз топтарды қорғауға бағытталған. Бүгінде Қазақстан халқының 82,3%-ы немесе 16,7 миллион адам сақтандыру жүйесіне қатысады. Алайда 3,3 миллионнан астам азамат әлі де МӘМС жүйесіне кірмеген. Олардың ішінде 2,4 миллионы – табысы жеткілікті болғанымен, жарна төлеуден жалтарып жүргендер. Ал шамамен 1 миллион адам – та-

қыңдалады. Бұл жүйе түрлі мемлекеттік органдардың деректерін біріктіріп, азаматтың соңғы үш айдағы табысы мен зейнетақы жарналарының тұсу-түспеуін автоматты түрде тексереді. Осы ақпараттың негізінде азаматтың «дағдарыстық» (D) немесе «шұғыл» (E) санатына жататыны анықталады. Ең бастысы – бұл мәртебені алу үшін қосымша құжат жинау немесе өтініш беру талап етіл-

мейді, барлығы цифрлық деректер арқылы жүзеге асады. Мұндай тәсіл бір жағынан бюрократиялық кедергілерді азайтса, екінші жағынан әлеуметтік жағдайы қиын азаматтардың медициналық сақтандыру жүйесінен тыс қалып қоймауына мүмкіндік береді. **ЖАРНА ТӨЛЕУДЕГІ ҮЗІЛІС КЕЗІНДЕ МӨРТЕБЕНІ САҚТАУ** Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде азаматтардың үздіксіз медициналық көмек алуына мүмкіндік беретін жаңа тәртіп енгізілді. Бұған дейін жарна төлеу тоқтаған жағдайда сақтандыру мәртебесі үш айдан кейін жойылатын. Енді

Ең басты жаңалық – онкологиялық скринингтер енді сақтандыру мәртебесіне қарамастан тегін болады. Бұған дейін тек кейбір адамдар ғана мұндай мүмкіндікке ие болса, енді кез келген азамат өз денсаулығын тексерте алады. Сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар сегіз ауруға – туберкулез, АИТВ, созылмалы вирусты гепатит пен бауыр циррозы, қатерлі ісік, психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстар, сирек кездесетін аурулар, жүректің жедел инфаркті мен инсульт – кеңес беру мен диагностика тегін көрсетіледі. Бұрын мұндай жеңілдік тек туберкулез бен АИТВ-ға қатысты болатын. Келер жылдан бастап базалық пакет мазмұны айтарлықтай кеңейеді. Енді амбулаторлық диализ, созылмалы аурулардың 12 тобы бойынша динамикалық бақылау мен кеңес беру, дәрілік қамтамасыз ету, жоспарлы стационарлық және стационарды алмастыратын көмек қолжетімді болады. Бұл жаңалықтар тек ауыр науқастарға емес, күнделікті өмірде созылмалы сырқаттарымен күресіп жүрген адамдарға да қамқорлық жасауға мүмкіндік береді. Пакетке бауыр, қалқанша безі, жүректің туа біткен ақаулары, қан аурулары, сүйек-буын сырқаттары, асқорыту жолдары дерттері және әйелдердің бірқатар аурулары кіреді. **ЖАРНА ЕСЕПТЕУ ШЕГІНІҢ ӨЗГЕРУІ**

Халықтың денсаулығын қорғау – мемлекет үшін басты міндеттердің бірі. Ал медициналық сақтандыру жүйесінің мықты болуы сол міндеттің табысты орындалуына тікелей байланысты. 2026 жылдан бастап бұл жүйеде маңызды жаңалық енгізіледі. Нақтырақ айтсақ, енді жарналар мен аударымдарды есептеу кезінде табыстың белгілі бір шектік көлемі ескеріледі. Жаңа тәртіп бойынша жұмыс берушілер үшін – 40 ең төменгі жалақы (ЕТЖ), қызметкерлер үшін – 20 ең төменгі жалақы мөлшері белгіленді. Қордың мәліметінше, бастапқыда жарна есептеу шегін 50 ең төменгі жалақы деңгейінде белгілеу ұсынылған. Алайда жүргізілген экономикалық талдау мұндай жүктеменің бизнестің тұрақтылығына кері әсер етуі мүмкін екенін көрсетті. Осыған байланысты теңгерімді шешім қабылданып, жұмыс берушілер үшін шек 40 ЕТЖ, ал қызметкерлер үшін 20 ЕТЖ мөлшерінде бекітілді. Бұл тәсіл жүйенің қаржылық тұрақтылығын сақтап, жыл сайын шамамен 200 млрд теңге қосымша кіріс әкеледі.

МЕМЛЕКЕТ КІМДЕРДІҢ ОРНЫНА ЖАРНА ТӨЛЕЙДІ? Сақтандыру жүйесінде мемлекет ерекше рөл атқарады. Ол қоғамдағы әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарды қолдауды өз мойнына алған. Балалар, зейнеткерлер, көпбалалы аналар, мүгедектері бар азаматтар, жүкті және босанған әйелдер, жұмыссыз ретінде ресми тіркелгендер – барлығы жеңілдікті 15 санатқа кіреді. Бұл топтар үшін жарнаны бюджет төлейді, яғни олардың сақтандыру мәртебесі еш үзіліссіз сақталады. Қазіргі таңда Қазақстанда МӘМС жарнасының деңгейі халықаралық тәжірибемен салыстырғанда төмен. 2025 жылғы ол 2% мөлшерінде белгіленген. Ал өзге елдерде бұл көрсеткіш 9-14,5% аралығында. Жүйе алғаш енгізілгенде жарналар әдейі төмендетілген болатын, алайда уақыт өте келе жаңа міндеттер, жаңа талаптар пайда болды. 2026 жылдан бастап енгізілетін «Бірыңғай медициналық көмек пакеті» жүйеге қосымша жүктеме түсіретіні анық. Сол себепті мемлекет өз үлесін біртіндеп арттыруға

шешім қабылдады. Мәселен, 2027 жылы – 2,2%, 2037 жылға дейін – 4,7%-ға дейін жеткізу көзделіп отыр. Өңірлік теңсіздік пен медициналық қызметке қолжетімділік Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне қатысты өңірлер арасындағы теңсіздік мәселесі жиі талқыланады. Қалада маманға жазылу кезегі ұзақ болса, ауыл тұрғындары кейбір медициналық қызметтерге мүлде қол жеткізе алмайды. Дегенмен Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми мәліметіне сәйкес, бұл алаңдаушылық негізсіз. Жүйе ең алдымен әлеуметтік осал топтарды қамтиды: «дағдарыстық» және «шұғыл» санаттағы азаматтардың жарнасы жергілікті бюджет есебінен төленеді, яғни қосымша қаржылық ауыртпалық жоқ, ал медициналық қызмет көрсету ауқымы кеңейтілген. Қызмет сапасы мәселесі де ескерілген. Егер емханада маман жетіспесе немесе қажетті диагностикалық құралдар болмаса, пациент басқа ұйымға жолдама алады. Ұзақ кезек немесе талдауларға жолғанда берілмеген жағдайда азамат тіркелген емханадағы «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгінеді. Егер мәселе шешілмесе, арызды Қордың ресми арналары арқылы қалдыруға болады. Осы тетіктер әрбір сақтандырылған азаматқа кеңес беру мен диагностикалық қызмет-



тен бастап күрделі хирургиялық араласуға дейінгі медициналық көмекті қамтамасыз етеді. Қордың мәліметі бойынша, МӘМС енгізілгеннен бері халықтың құқықтары кеңейген. Ендігі маңызды қадам — осы қағидаттардың өңірлік деңгейде толық іске асырылуын қамтамасыз ету. **АЗАМАТ ӨЗ ЖАРНАСЫНЫҢ ЖҰМСАЛУЫН ҚАЛАЙ БАҚЫЛАЙДЫ?** МӘМС қаражаты Ұлттық банктегі бірыңғай арнайы шотқа түседі және тек сол шотқа байланысты медициналық қызметке жұмсалады. Қаражаттың нақты жұмсалудың қанша операция жасалғанын, дәрігерлердің жалақысын, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және жоғары технологиялық қызметтерді — msqog.kz, Qoldau 24/7, Telegram @SaqtanduryBot немесе 1414 байланыс орталығынан көруге болады.

Егер азамат Қордың шешімімен келіспесе, 2020 жылғы 29 маусымдағы «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс» 91-бабының 6-тармағына сәйкес сотқа шағымданыуға құқығы бар. **САРАПШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?** Экономист Мақсат Халықтың айтуынша, МӘМС жүйесіне қоғам тарапынан сынның азаймауы оның әлі де толық жетілмегенін көрсетеді. — Мен МӘМС жүйесіне бұрыннан сыни көзқарастамын. Бізде айтарлықтай қаржы аударылып жатқанымен, азаматтар бұл жүйенің нақты пайдасын сезіне алмай отыр. Көп жағдайда сақтандырылғандар медициналық қызметке жүгінгенде түрлі себептермен көмек ала алмай жатады. Бұл жүйеде әлі де шикіліктердің бар екенін аңғартады, — дейді

сарапшы. Оның айтуынша, жұмыс берушілер төлейтін жарна үлесі қазіргі таңда 2 пайыз деңгейінде. Бұл аз көрінгенімен, алдағы жылдары біртіндеп арту көзделіп отыр: 2027 жылы — 2,2 пайыз, 2030-2037 жылы — 4,7 пайызға дейін. — Бұл, менің ойымша, компаниялар үшін қосымша ауыртпалық. Себебі бұл төлемдер еңбекақы қорынан ұсталады. Ал азаматтар өз жарнасының нақты нәтижесін көрмесе, оның мәні жоғалады. Егер сақтандырылған адам уақытылы медициналық көмек ала алмаса, не үшін ай сайын жарна төлеуі керек деген сұрақ туындайды, — дейді экономист. Мақсат Халықтың пікірінше, соңғы өзгерістердің бірі — кейбір ауру түрлерінің МӘМС пакеті аясында қарастырылуы — оң бастама. Алайда сақтандырылған азаматтар үшін қызметтің қолжетімділігі мен ұымдастыру мәселелері әлі де өзекті болып отыр. — Адамдар төлемді уақытылы төлеп отырса да, көмек алу кезінде түрлі құжат жинау, кезекке тұру сияқты кедергілерге тап болады. Ал ауру күлпейді. МӘМС жүйесі өз мақсатында жұмыс істеуі үшін ең алдымен осы мәселелер шешімін табуы тиіс, — деп түйіндеді Сапарбай Жұбаев. Экономист Сапарбай Жұбаевтың айтуынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысты халық

ауруханалар жеке клиникалармен тең дәрежеде бәсекеге түсе алмайды. Мемлекет оларға қаржы бөледі, ал жеке ұйымдар барлық шығынын өздері өтейді. Соған қарамастан, екі тарапқа да бірдей төлем мөлшері белгіленген. Бұл жүйенің теңгерімсіздігін көрсетеді, — дейді Сапарбай Жұбаев. Екіншіден, қоғамда өз денсаулығына деген жауапкершілік әлі де төмен. — Қазақ қоғамында салауатты өмір салтының мәдениеті әлсіз. Артық тамақтану, зиянды әдеттер мен қозғалыстың аздығы денсаулыққа кері әсер етеді. Ал мемлекет есебінен көрсетілетін тегін көмек кейде адамдарды өз денсаулығына немқұрайлы қарауға итермелейді. Сондықтан материалдық мүмкіндігі бар азаматтар медициналық қызметті ақылы түрде пайдаланғаны жөн, — дейді экономист. Оның айтуынша, биылғы заң өзгерістері жүйенің әлеуметтік әділеттілігін арттыруға бағытталған. — Бұрын азамат жарнаны бір ай төлемесе, сақтандыру мәртебесінен айырылатын. Енді жұмыссыз қалған адам үш ай бойы төлем жасамаса да, сақтандырылған мәртебесін сақтап қалады. Ал қайта жұмысқа орналасқан соң төленбеген жарналарды толықтыру қажет. Бұл — жүйенің әлеуметтік әділеттілігін арттыратын маңызды қадам, — деп түйіндеді Сапарбай Жұбаев. Қорыта келе, 2026 жылдан бастап МӘМС жүйесіне енгізілетін жаңа нормалар медициналық сақтандыру жүйесін әлеуметтік әділеттілік тұрғысынан нығайтуға бағытталған. Ең басты жаңалық — әлеуметтік осал топтардың жарнасын жергілікті бюджеттен төлеу. Бұл бұрын сақтандыру жүйесінен тыс қалып келген азаматтарға медициналық қызметке толық қолжетімділік береді. Сонымен бірге, жүйе жұмыссыз қалған азаматтар үшін де жеңілдетілген тәртіп енгізді. Бұл қадам әлеуметтік әділеттілікті арттырып, халықтың денсаулығын қорғауды күшейтеді.

Жаңа ережелер жергілікті әкімдердің жауапкершілігін де ұлғайтады. Олар табысы жеткіліксіз отбасылар мен жұмыссыздардың жарнасын төлеп, өңірде әлеуметтік қолдауды қамтамасыз етуге міндетті болады. Бұл өз кезегінде өңірлік теңсіздікті азайтуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және кедейлікті төмендетуге ықпал етеді. Сондай-ақ, жарна төлеу жүй-



бақылау органдарын көбейту қоржындығын азайтпайды, керісінше арттыруы мүмкін. Сондықтан бұл мәселені қоғамдық бақылау арқылы шешу қажет. Өкінішке қарай, билік бұл бағытқа әлі жеткілікті көңіл бөлмей отыр, — дейді сарапшы. Экономист наразылықтың негізгі екі себебін атады. Біріншіден, халық кеңестік кезеңнен бері қалыптасқан «медициналық көмек тегін болуы тиіс» деген түсініктен арыла алмай келеді. — Сақтандыру жүйесі жеке медициналық секторды дамытуға бағытталған. Алайда мемлекеттік емханалар мен

есіндегі өзгерістер — табысы жоғары азаматтардан да әділетті үлес жинауға негізделген. Жүйеге түсетін қосымша қаражат медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға жұмсалады. Осылайша, 2026 жылдан бастап МӘМС жүйесіне енгізілетін жаңа нормалар азаматтардың медициналық қызметке тең қолжетімділігін қамтамасыз етеді, әлеуметтік осал топтарды қорғайды және өңірлік теңсіздікті азайту арқылы қоғамдағы әділеттілікті нығайтуға бағытталған. **Венера ЖОЛАМАНҚЫЗЫ, kaz.inform.kz**



бысы күнделікті қажеттілігін ғана өтеуге жететін, әлеуметтік осал топқа жатады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми жауабына сәйкес, дәл осы соңғы санаттағы азаматтарға мемлекет жаңа тәртіп бойынша қолдау көрсетеді. Енді дағдарыстық (D) және шұғыл (E) деңгейге жатқызылған тұрғындардың жарнасын жергілікті бюджет төлейді. Төлем азамат медициналық көмекке жүгінген сәтте автоматты түрде аударылады. Сонымен қатар ресми тіркелген жұмыссыздардың да жарнасы енді жергілікті қазына есебінен төленеді. Бұл қадам сақтандыру жүйесіндегі әлеуметтік теңсіздікті азайтып, медициналық қызметтің қолжетімділігін кеңейтуге бағытталған. **«D» ЖӘНЕ «E» САНАТТАРЫ ҚАЛАЙ АНЫҚТАЛАДЫ?** Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының түсінідіруінше, азаматтардың әлеуметтік жағдайы «Цифрлық отбасы картасы» арқылы ай-

кемінде бес жыл қатарынан тұрақты жарна төлеп келген азамат төлемді уақытша тоқтатса да, алты айға дейін сақтандырылған мәртебесін сақтап қалады. Бұл норма әсіресе өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдар үшін маңызды. Мәселен, тұрақты жұмыс істеп жүрген азамат күтпеген жерден табысынан айырылса, осы аралықта оған МӘМС аясында медициналық қызмет көрсетіледі. Дегенмен, кейін бұл кезеңдегі жарна қарызын өтеу міндетті болып қала береді. **БІРЫҢҒАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ ПАКЕТ** 2024 жылғы Жолдауда Мемлекет басшысы әрбір қазақстандық үшін денсаулық сақтау қызметтері тең қолжетімді болуы тиіс екенін атап өтті. Осы мақсатта «Бірыңғай медициналық көмек пакетін» қалыптастыру тапсырылды. Бұл пакет 2026 жылдан бастап іске қосылады және әр азаматқа өз денсаулығын қорғаудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

«ӘСЕМНІҢ» ӘЙГЕРІМІ - ОБЛЫСТЫҢ «ЖАҢАШЫЛ ӘДІСКЕРІ»



Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері – 2025” республикалық байқауының облыстық кезеңінде өзінің кәсіби біліктілігі мен жаңашыл көзқарасын, креативті әдіс-тәсілдерін жоғары деңгейде көрсетіп, үздік деп танылған

“Әсем” бөбекжай-бақшасының әдіскері Әйгерім Убнямова “Жаңашыл әдіскер” номинациясымен марапатталды! Жас мамандарға үлгі боларлық шығармашыл әрі ізденімпаз әдіскеріміздің жеңісі құтты болсын!

КОНКУРС

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» ММ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ «ҚАМҚОР» ОТБАСЫН ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ МЕКЕМЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ БОС ЛАУАЗЫМЫНА ОРНАЛАСУҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ!

Ойыл аудандық «Қамқор» отбасын қолдау орталығы мемлекеттік коммуналдық мекемесі басшысының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

1. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕР:

-отбасын қолдау орталығының (бұдан әрі –Орталық) өндірістік, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды;
-шешім қабылдайды, Орталық мүлкінің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;
-Орталық қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды;
-барлық құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын және тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырады, олардың қызметін мемлекеттік отбасылық саясат саласын дамытуға және жетілдіруге бағыттайды;
-Орталықты білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану және дамыту,жұмыскерлердің біліктілігін жүйелі түрде арттыру, оңтайлы еңбек жағдайларын жасау, еңбек заңнамасының, еңбек тәртібінің талаптарын сақтау жөнінде шаралар қабылдайды;
-жұмыскерлердің еңбек уәждемесін,бастамасы мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді;
-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және дербес жауапты болады;
-барлық жұмыскерлер үшін міндетті өкімдер, бұйрықтар шығарады және тапсырмалар береді;
-жоғары тұрған орган тағайындайтын қызметкерлерден басқа жұмыскерлерді қабылдауды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады,көтермелеу шараларын қолданады және қызметкерлерге тәртіптік жаза қолдандырады;
-құрылымдық бөлімшілер орынбасарларының,басшыларының және қызметкерлерінің міндеттерін бөледі;
-Орталықтың жұмыс жоспар-

ларын бекітеді, олардың орындалуын ұйымдастырады және бақылайды;
-жоғары тұрған органға жоспарлы-есепті құжаттаманы дайындауды және ұсыну-ды ұйымдастырады;
-ол болмаған кезеңде өз өкілеттігін орынбасарларының біріне жүктеу туралы бұйрықтар шығарады;
-заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік етеді;
-қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында іссапарлар,тағылымдамалар, қызметкерлерді оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттыру тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
-шарттар жасасады, сенімхаттар береді;
-сотта, мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Орталықтың мүліктік және өзге де мүдделерін білдіреді;
- жұмыстың ұтымды нысандары мен әдістерін практикаға енгізу, Орталықтың материалдық-техникалық базасын дамыту жөнінде шаралар қабылдайды.
Санаты: А1-3;
ЛАУАЗЫМДЫҚ ЖАЛАҚЫСЫ: қызмет өткерген жылдарына байланысты:
279 000 теңгеден 300 000 теңгеге дейін.
1.Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:
1)гуманитарлық ғылымдар немесе әлеуметтік ғылымдар,экономика және бизнес не құқық (құқықтану,халықаралық құқық) немесе білім немесе журналистика және ақпарат мамандықтары бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім;
2) жұмыс өтілі:
-қалалық,аудандық орталықтар үшін-аталған санаттағы нақты лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі кемінде 4 (төрт) жыл, оның ішінде басшы лауазымдарында кемінде 2 (екі) жыл.

БІЛУІ ТИІС:

-Қазақстан Республикасының Конституциясын (бұдан әрі-Конституция);

ВОЛЕЙБОЛ БІЗДІҢ ҚЫЗДАРҒА ДА ЖАТ ЕМЕС

Өткен аптада Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде 2013-2014 жылы туған қыздар арасында оқушылардың демалыс уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында аудан біріншілігі өтті. Аудан біріншілігіне 5 командадан (Ойыл ҚОМ, Ш.Бекмұхамбетова ат МГ, Ж.Жүсіалиев ат ОҚОМ, Ш.Берсиев ат ОМ, Амангелді ОМ) 50-ден астам қыз бала қатынасты.

Нәтижесінде жүлделі үшінші

орынды Ойыл қазақ орта мектебі екінші орынды Ж.Жүсіалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі иеленсе, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы командасы 2013-2014 жылы туылған қыздар арасындағы аудан біріншілігінің жеңімпазы атанды. Жеңіске жеткен командалар Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің мақтау қағаздарымен медальдармен марапатталды.



МЕНИНГОКОКК

КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ МЕНИНГОКОКК ИНФЕКЦИЯСЫ - ЖҰҚПАЛЫ АУРУ РЕТІНДЕ БЕЛГІЛІ. ОЛ МЕНИНГИТТІҢ ЖЕДЕЛ АУРУЫ (МЕНИНГЕЗДІҢ ҚАБЫНУЫ) НЕМЕСЕ МЕНИНГОКОККТЫ СЕПСИС (ҚАНМЕН УЛАНУ), КЕЙДЕ НАЗО-ФАРИНГИТ (МҰРЫН МЕН ЖҰТҚЫНШАҚТЫҢ ШЫРЫШТЫ ҚАБЫҒЫНЫҢ ҚАБЫНУЫ) ТҮРІНДЕ КӨРІНЕДІ.

Ауру негізінен ауа тамшыларымен - жөтелу, түшкіру, сөйлесу, тығыз және ұзақ қарым-қатынас кезінде жұғады. Менингококк инфекциясының алғашқы белгілері басқа жедел респираторлық инфекциялардың көріністеріне ұқсас. Сондықтан, кейде ауруды диагностикалауды қиындатады. Аурудың қауіптілігі - ол бірнеше сағат ішінде, тіпті бірнеше минут ішінде дами алады. Инкубациялық кезеңі 2 күннен 10 күнге дейін созылады. Ауру кенеттен басталады. Мысалы, бала толығымен сау ұйықтайды, ал түнде ол кенеттен тынышсызданады. Бұлшық ет әлсіздігін сезінеді. Егер баламен ауысша байланыс болса, онда ол әдеттегі ауырсынуды басатын құралдармен жойылмайтын қатты бас ауруына шағымданады. Бір сағат ішінде температура әдетте 39-40°С дейін көтеріледі. 5-6 сағаттан кейін құсу пайда болады. Бұл науқасқа жеңілдік әкелмейді. Бірақ сіз назар аударуыңыз

керек, ең қауіпті симптом - бөртпелердің пайда болуы.

Науқас болған үй-жайда күнделікті, ылғалды жинау, жиі желдету жүргізу қажет. Балалар мекемелерінде ауаны бактерицидті шамдармен зарарсыздандыру қажет. Отбасында, ұжымда науқаспен қарым-қатынаста болған барлық адамдар 10 күн ішінде медициналық бақылаудан, менингококк тасымалдаушылыққа тексеруден өтуі тиіс.

Профилактикалық егулердің ұлттық күнтізбесіне сәйкес менингококк инфекциясына қарсы вакцинация эпидемиялық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі. Вакцинация полисахаридті вакциналармен жүзеге асырылады. Менингококк инфекциясының ошақтарында 9 айлық жастағы баладан бастап 55 жасқа дейін вакцинацияланады.

Ғ. ҚҰБАЕВ,

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

ҚҰТЫРМА - ҚАУІПТІ АУРУ!



Құтырма – адамға құтырған жануарлардан жұғатын вирустық ауру. Ауру қоздырғышы тістеген жерден денеге еніп, өсіп өнеді. Адам инкубациялық (білінбейтін жасырын) кезең (30- 90 күнде, кейде 7 күннен 1 жылға дейін созылуы да мүмкін) өткеннен кейін ауыра бастайды, жүйке жүйелері зақымданады. Ауруды қауіпті, түпкі және т.б. андар және үй жануарлары (ит, мысық, сиыр және т.б.) таратады. Қыс түсуіне байланысты жабайы жануарлардың құтырма ауруына шалдығуы көбейе түседі. Көбіне ауру түлкілер елді мекендерге барып, вирусты ит, мысықтарға, малдарға жұқтырады. Ауру түлкілер адамдар тұратын жерлерге барып, ешбір қиындықсыз қолға да түседі. Бұл – адамдар үшін қауіпті.

Ауру жануар тістеген, тырнаған кезде сілекейі арқылы вирус жарақат арқылы денеге енеді. Жануардың сілекейі тиген заттарды ұстаған кезде және көз, ауыз, мұрын қуыстарына вирустың түсуі арқылы ауру жұғады.

Тіпті сырттай дені сау жануар тістеп немесе тырнап алған жағдайда да тез арада дәрігерге қаралу керек. Адамдарды тістеп алған ит, мысық және тағы басқа жануарларды ветеринарлық қызмет 10 күн бойы бақылайды. Адамды зақымдаған жануарды өлтіруге болмайды, өйткені бақылау қорытындысы бойынша

алдын-ала екпенің (антирарбиялық вакцина) жалғастырылуы, тоқтатылуы анықталады.

Мына кеңестерді білу қажет: Жануардан зақымданған жағдайда, жедел түрде ауруханаға барып, алғашқы көмек көрсетіліп антирарбиялық вакцина салынады. Және тез арада жарақат орнын сабынды сумен мол көлемде жуу қажет (вирус жарақат арқылы денеге еніп кетпеуі үшін). Егер тістеп алған жануар белгісіз болса, немесе өліп қалса емдік курсы жалпы 5 екпеден (0-күн, 3-күн, 7-күн, 14-күн, 28-күн,) тұрады. Белгілі жануардың сау екендігі туралы ветеринариялық бақылаудың қорытындысымен 0,3,7 күнгі екпелерін алғаннан кейін екпе тоқтатылады. Сонымен қатар кеміргіштер тістеп алған жағдайларда да дәрігер көмегіне жүгіну қажет.

АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫНЫҢ БІРІ:

- Иесіз иттер мен мысықтарды жою,
- Үйдегі ит, мысықтарды жыл сайын алдын ала вакцинациялау (egy)
-Жануардан зардап шеккенде тез арада дәрігерге қаралып екпелерін дәрігер тағайындаған күннен кешіктірмей алу.
-Адамға, малға шабуыл жасаған белгісіз ит, мысықтарды өлтірген жағдайда да өз беттеріннен көміп тастамай, ветеринариялық қызметке міндетті түрде хабарлау қажет.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

Ж.Жүсіалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің мұғалімі Қали Ираға енесі

Кенғанова Жаңақтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

ЕЖЕЛГІ ОЙЫЛ

ТАРИХТЫҢ ҚҰМ БАСҚАН ҚҰПИЯСЫ

Материалдық мәдениеттің өзіндік көрінісі ортағасырлық тас мүсіндер. Барқын құмынан табылып, Ақтөбе мұражайында сақтаулы тұрған биіктігі 98 см, ені 42 см балбал тас мүсін мен тұрмыстық жәдігерлер XIII ғасырдың кезеңіне тән деп есептелінеді.



Шежіреші абыз ақсақалдардың атадан балаға жетіп жалғасып келе жатқан аңыз әңгімелеріне қарағанда Барқын құмының астында Жошы ұлысының Алтын Орда феодалдық мемлекетінің шапқыншылығына ұшырап, XIV ғасырдың II жартысында жоқ етілген. Мәулімберді қаласы болған делінеді. А.Егоровтың 1985 жылы Мәскеуде шыққан «Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV веках» атты еңбегіне сілтеме жасай отырып, А.Левшиннің 1996 жылы қайта жарық көрген еңбегіндегі Мәулімберді жайында белгілі тарихшы, этнограф-археолог С.Әжіғали «Ескерткіштер — Ойыл өзенінің орта тұсында, археологиялық жағынан зерттелмеген» — дейді.

Шерғұттының Қазтуғанға:

«Орманбет хан онда өлді,

Байтақ баба мұнда өлді.

Қарасақал Мәулім хан

Ойылдан кетіп Жемде өлді» — деуіне қарағанда Барқын құмының астындағы қала Мәулімберді, ал Жемге жақын Кеңқияқ елді мекеніндегі ханның сүйегі калған қорым Мәулімберді қорымы деп аталады.

ҚАЛАЙ ОЙЫЛ АТАНДЫ?

Қытай жібек құртының пілласынан әлемде теңдесі жоқ мол жібек өндіретін ел болған. Алдыңғы Азия мен Орта Азияны Қытаймен байланыстыратын, кейіннен «Ұлы Жібек Жолы» аталған сауда, керуен жолының бойында шамамен осыдан 650 жылдай бұрын сауда, керуен тұрағы ретінде қиратылған Мәулімберді қаласының орнында бой түзеген ойдағы ел «Ой елі» деген мекен



болған. Бұл тұрақ мекенде әрлі-берлі ұдайы сапар шеккен сауда керуендері түйелері мен адамдарын тынықтырып, жергілікті халықтан тары, ірімшік, құрт, қақталған ет сияқты азық-түлікпен жол азығын толықтырған. Сонымен қатар Иранның сары жез табактары, құман, шылапшын поднос, қыштан өрнектеліп жасалған үлкенді-кішілі құмыралары мен Қытайдың жібегі, форфор ыдыс, шыны аяқ кеселері мен шай құмандарын түйе жүні, ешкі түбіті, қаракөл елтірісі, аң терісі, азық-түлік сияқты тауарларға айырбастап отырған.

Ойыл Асан Қайғы атанып кеткен Хасан Сабитұлы (1370-1465 жж.)

заманында бар ел. Бабамыз 6 атанға жүк артып, желмаясына мініп, адамы жүзге келмей өлмейтін, қойы екі төлдейтін «жерұйық» іздеу сапарымен қазақ жерін 6 жылда түгел шолып шығыпты.

Атыраудың, Маңғыстаудың таулы-тасты, сүреңсіз сұр даласынан кейін нулы-сулы, көкөрай шалғын Ойыл жеріне келгенде «жерұйық» осы екен деп толғады. Хан ордасын Ойылда орналастыруға келіспеген Керей, Жәнібек хандарға наразылық ретінде:

"Ойыл деген ойың-ды,
Отын тапсаң тойынды.
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің — деп
жыр арнаған. Қазақ ақын жыраулары шығармашылығының бізге жеткен алғашқы жазба «әліпбиі» осы жырдан бастау алады. Бабамыздың «Ойыл көздің жасы еді» деп толғануы өзен не бұлақ суының мөлдірлігі емес, қиратылған Мәулімберді қаласы тұрғындарының еңірегенде етегі тола төгілген көз жасының өтеуіне салынған Ойыл елі дегені деп топшылауға болады.

Мекеннің «Ой елі» атануы тектен-тек емес. Бұл мекенге оңтүстіктен де, солтүстіктен де, батыстан да, шығыстан да келгенде радиусы 7-8 шақырымдай үлкен ойпаттың ортасында тұрған ел «Ой елі» деп аталған. Ислам дінін таратуға байланысты Арабиядан-Әзербайжан-Дағыстанға дейінгі аймақ арабтардың ықпалында болуына байланысты Қазақ елі сол заманнан 1929 жылға дейін араб алфавитін пайдаланды. Осыған орай, «Ой елі» атауын арабша жазып, ауызша оқып айтқанда Ойыл болып дыбысталған, ғасырлар бойы солай жазылып келген. Қазақ елі 1929-1940 жылдары арасында латын алфавитін қолданды, ол қазақ сөздеріне пәлендей өзгеріс әкелген жоқ. Ал 1940 жылдан бастап орыс алфавитіне көшті. Міне, содан кейін

Ойыл атауы «Уил» болып шыға келді. Семипалатинск — Семей, Алма-Ата — Алматы, Челкар — Шалқар, Хобда — Қобда тағы сол сияқты дұрыс өзгертулерге қарамастан, біздің Ойылымыз «Уил» күйінде қалды. Ойыл сөзіндегі 4 әріп орыс, қазақ алфавитіне де ортақ болғандықтан ауданның, кенттің атауын «Ойыл» деп жаздыратын уақыт жетті.

АРНАЛЫ ӨЗЕН АҒЫСЫ ҚАЙТТЫ

Қазақ жерін зерттеу ерте кезден басталған. Грек тарихшы-географтары Геродот біздің дәуіріміздің 140-150 жылдарындағы зерттеулерінде Жайық (Дайкс), Жем (Румма), Сырдария (Яксарт) өзендерін анықтаса, IX-X ғасырларда зерттеген араб ғалымдары оған қоса Сағыз өзенін анықтаған. XVII ғасырдағы Қазақ ордасына және Орталық Азия хандықтары жеріне бірнеше рет жасалған орыс саяхатшыларының Жайық сыртындағы дала туралы зерттеулері жинақталып, 1697 жылы жарияланған «Чертеж всей земли безводной и малоплодородной каменной стени» (Бүкіл жері сусыз, өтуге қиын тастақты дала сызбасы) еңбегінде де Ойыл, Қиыл, Темір, Қобда өзендері көрсетілмеген. Ол жерлер сусыз дала есебінде болған.

Демек, Ойыл өзенінің бастауындағы бұлақ көзі мен жылма-жылға еріген, тасыған қар сулары бірнеше ондаған жылдар бойы бірте-бірте жыра-арна салу жылы шамамен 1700 жылдан кейін пайда болып, осы арна өзен бойындағы үлкен елді мекен ойдағы ел Ойылдың атымен аталған деп қорытынды жорамал жасауға болады. Олай дейтініміз

1697 жылы зерттеу қорытындысында аталмаған өзендер Қазақстан географиясы туралы 1762 жылы шығарылған «Орынбор топографиясы» атты ғылыми кітаптан бастап кездеседі. Ол уақытта Ойыл өзені ақын, сазгер Жолдыбой Айтқұловтың өлеңіндегідей «Ойылым арна, ағысы қатты» болып, 800 шақырымға созылып, Жайыққа құйған. Ал қазір Тайсойған құмына барып тармақталып, ұсақ көлдерге құйып жоқ болады.

САН РЕТ ҚИРАП, САН РЕТ БОЙ ТҮЗЕГЕН

Энциклопедиялық деректерге сүйенсек, 1630 жылдары Жоңғариядан жарыла көшкен торғауыттар Кіші Жүздің үстін қоныстана Еділ мен Жайық арасына орналасып, Қалмақ хандығын құрды. Көп ұзамай бұл хандық Ресей империясының қоластына кірді. Патша үкіметі бұл хандықты қазақ хандығына қарсы қойды. Қалмақтардың қазақ жеріне бірде үдеген, бірде толастаған 110 жыл бойғы шапқыншылығын «көрсес де көрмегендей, білсе де білмегендей» боп отыра берді. 1669-1724 жылдарда 55 жыл бойы қалмақ ханы болған Аюкөнің заманында бұл хандықтың жағдайы нығайып, есірген кезі болды. 1669-1675 жылдары олар қазіргі Ойыл, Жем, Қобда, Темір, Елек өзендерінің маңындағы қазақ жерлерін басып алды. Жайықтан шыққан қалмақтың алғашқы жойқын соққысына ұшыраған Ойылдың шағын қаласы қиратылып, жоқ етілді. Алайда 1706 жылы Кіші жүздің атақты батырлары тама Есет, табын Қара батыр және оның баласы Бөкенбай батыр бастаған 18 мың әскер қазіргі Темір ауданының «Қалмақ қырылғанында» жаудың 20 мың қолын ойсырата жеңіп, Каспийдің солтүстік беткейіне дейін қуып тастайды. 1740 жылдары Жем өзенінің орта ағысындағы «Мәстағат» деген қырат маңында Бөкенбай, Есет бастаған 22 мыңдық қазақ қосыны Еділ қалмақтарына күйрете соққы беріп, оларды Жайықтың арғы бетіне қуып шығарды. Екі жақтан 40 батыр мен бидің қатысуымен өткен келіссөзде «қазіргі туған бала ат жалын тартып мінгенше шапқыншылықтар жасамасу» туралы шарттасқан. Бұл бейбіт қатынастар 1770 жылға дейін созылды. Кейін Убаши ханның тұсында орыс-түрік соғысына әскери күш бермегендіктен араздасып, 160 мың адамдық қалмақ жұрты Жоңғарияға қайта көшті. Жолшыбай Кіші жүз қазақтарымен соғыса, көп шығынға ұшырап, қалғандары Цин империясының табанына түсті. Шамамен 1745-1750 жылдары екінші рет қиратылған Ойыл қалашығы қайтадан бой көтерді. Шағын қалашықта сол кезеңге сай керуен сарайлары салынып, жәрмеңкелер ұйымдастырылған және ол уақыт өткен сайын кеңейтіліп жетілдірілген.

ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ЖӨРМЕҢКЕ

1865 жылы 26 қаңтарда Ресей соғыс министрі Д.Милютин қатысқан құпия кеңесте Орынбордың генерал-губернаторы Н.Крыжановский: «Оралдың шығысында 218 шақырым жердегі Ойыл өзенінің бойында бекініс салу өтінішімді қолдауды сұраймын. Ондағы мақсат: қай уақытта, қандай да болмасын қазақ даласындағы бүліктер мен толқуларды басуға оларға қарсы батыл қимыл жүргізетін сенімді тірегіміз болмақ» — деді. Ол ұсынысты мақұлдаған министр Орал облысының губернаторы Н.Веревкинге тез арада бекіністің сызбасын жасауға тапсырыс берді. (Орынбор мемлекеттік мұрағаты 370 қор 8 іс) Н.Веревкин көп уақыт шығындамай бұрынғы жылдарда Орынборда орыс архитекторы А.Брюловтың жобасымен салынған сауда корпус-тары, жәрмеңке комитетінің үйі, мұсылман мешітінің ғимараты т.б. нысандарды сол күйінде Ойыл бекінісінде салуға нұсқау

береді.

Ойыл бекінісін салуға тандалған жер Қаңқай есімді ауқатты адамның иелігі екен. Н.Веревкин бір жағынан қысым көрсетіп, оның солтүстік бағытынан 8 шақырым жерден басқа қонысқа жер берігі көшіреді. Қазіргі зират орналасқан ол қырат Қаңқай деп аталады. Жергілікті жерде күйдірілген қызыл кірпіштен салынған құрылыс 1865 жылы 19 маусымда басталып, әрбірінде 9 дүңгіршек-лавкадан тұратын 15 корпус пен жәрмеңке комитетінің үйі 1867 жылы әзір болған. Сонымен қатар қазіргі интернат орналасқан «Красавин үйі» ауласынан 8×8 метр шамасында банк үйі есебінде қызыл тастан үй тұрғызылып, жәрмеңке комитеті үйімен арасында ақша тасымалдайтын адам бойының биіктігіндей 700 метрдей жерасты жолы қазылған.

Осыған байланысты Н.Веревкин Орынбор генерал-губернаторы Н.Крыжановскийге хат жолдап, жәрмеңкені Барқын құмынан Ойыл бекінісіне көшіру жөнінде өтініш жасайды. Өтініш қанағаттандырылып, 1867 жылы 9 мамырда қырда салынған Ойыл бекінісінде алғашқы жәрмеңке ашылды.

Жәрмеңке жылына 2 рет — жаздың басында малдың төлі аяқтанып, қой мен түйенің жабағы жүні алынған, елдің былтырғы күзгі жәрмеңкеде алған заттары таусылғанда, соңсоң күзде — ел күзем алып, басы артық малын, жаздай сойған малының терісін сатып қысқа керекті заттарын қамдап алар кезде өтеді. Жәрмеңкеде Бұхардың таза жібек бұйымдарынан бастап, Ресей,



тіпті шетел фабрикаларының тоқып шығарған мауыт, трико, сан түрлі мақпал, қыздар басына тартатын шашақты жібек ормалдарға дейін толады. Енді, бір дүкендерге қазақтар көбірек алатын қара былғары, ұлтандық қызыл былғары, кебіс-мәсі, дегендер үйіліп жатады. Одан әрі қарай жүрсең шай, шекер, және жіпке тізген тоқаштар, өрік-мейіз, одан әрі айна, тарақ, сабын сияқтылар толып тұрады. Мал базары өз алдына. Қаланың шетінде үйір-үйір жылқы, қора-қора қой, түйе, сиыр малы көп келеді.

1774 жылы Орынбор қаласының тұсындағы Жайықтың Азия жақ бетінен «Меновой двор» қазақтардың айтуынша «Мынанай» — айырбас сарайы салынған. Мұнда қар кеткеннен бастап күзгі қара суыққа дейін қызу сауда жүреді. «Мынанайдың» қасында Өлім тауы деген төбе бар, қазір де орыстар оны «Пуга-



чевская гора» деп атайды. Өлім тауы дейтін себебі осы жерде жылма-жыл жәрмеңкеге әкелінген Өлім-кетелердің малы жайылғандықтан солай аталыпты. Қазақтар арасында:

«Орыстың бір қаласы «Мынанай-ды»,

«Мынанай» тастан салған құламайды.

Қылығы ақ еркенің еске түссе,

Көрген көз, сүйген ауыз шыдамайды» - деген ән бар.

Ойыл бекінісінің алғашқы басшысы Ашықбай Лепесов, базарбасы Меңдібай Күмісбайұлы болған.

1870 жылғы 20 мамырда Ойыл жәрмеңкесіне Орынбордың генерал-губернаторы Н.Крыжановский келіп, аралап, өз ризашылығын білдірген.

Жәрмеңкедегі малдың құны сом есебімен төмендегідей болған: түйе — 70-80, жылқы — 55-65, өгіз — 40-50, сиыр — 35-40, қой — 10-12, ешкі — 4-6 сом.

Кеңес өкіметі орнағасын, 1921 жылғы ашаршылық, одан кейінгі жылдардағы мәжбүрлеп ұжымдастыру, ауқатты адамдарды төркілеу сияқты зобалаңдар салдарынан жәрмеңке жұмысы бұрынғы деңгейінде болмады. Соңғы ауқымды жәрмеңке Қазақстан үкіметінің басшысы, кейін қуғын-сүргін құрбаны болған Нығмет Нұрмақовтың (1895-1937) қолдауымен 1937 жылы жазда ұйымдастырылып, оның тауар айналымы 6 миллион рубльге жеткен.

Үкімет басшысы Нығмет Нұрмақовтың және Ойыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Нұрлыбек Әбдікәрімовтің жалған жаламен атылуына, қуғын-сүргін науқандарына және екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы, оның Отан соғысына айналуына байланысты жәрмеңке жұмысы тоқтатылды.

Ойылдағы XIX ғасырдың екінші жартысында тұрғызылған тарихи сәулетті ғимараттар: Керуен сарай, мешіт, сауда, жәрмеңке комитетінің үйлері облыс өкімдігінің 2010 жылғы 4 маусымдағы қаулысымен Ақтөбе облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдени ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілді.

Жақсылық БИСАЛИЕВ,
өлкетанушы.
Ойыл ауданы.